

АҚ “Астана медицина университеті”



Жалпы хирургия
кафедрасы

Тақырыбы:

Хирургия тарихы. Антисептика.
Анықтамасы. Пастердің,
Листердің және Пироговтың
еңбектері. Негізгі антисептикалық
заттектер сипаттамасы.
Антисептикалық заттектерді
қолдану әдістері.

Жоспар:

I. Хирургияның ашылу тарихы

- Эмперикалық кезең
- Анатомиялық кезең
- Ұлы жаңалықтардың ашылу кезеңі
- Физиологиялық кезең
- Жаңа заман хирургиясы

II. Хирургияның ашылуына үлес қосқан отандық дәрігерлер

III. Асептика және анықтамасы

IV. Листер, Пастер және Пирогов еңбектері

Эмперикалық кезең

Ерте заман хирургиясы

Бұл кезең Гиппократ есімімен байланысты.

Ол ең алғаш рет барлық жараларды:

- Іріңді
- Таза

деп екіге бөлді.

- Римде белгілі Гиппократ ізбасары Корнелий Цельс болды. Ол хирургияға арнап трактат жазды. Онда көптеген операция түрлері мен сүйек сынуы, буын шығуындағы емдеу шараларын, қан тоқтатудың тәсілдерін жазды.
- Гален атақты Рим дәрігері. Ол ғылымды жетілдіруде жарақаттарды емдеу, дренаж орнына қола түтіктерді орнату, қанда тоқтатудың өзіндік әдісін, байлап тоқтату ғана емес, сонымен қатар, бұрау арқылы қанды тоқтатуды ұсынды.

Орта ғасыр хирургиясы

Жалпы орта ғасыр хирургиясы Европада өте жақсы байқалды. Италиян хирургі Лукка XII жансыздандырғыш ретінде арнайы губкаларды пайдаланды. Оның құрамынды қаныққан заттар болды. Осы заттармен аз ғана дем алу естен және ауру сезімдеріне айыра білді. Бруно де Лангобурго XIII ғасырда жараның біріншілікті және екіншілікті жазылуын ажыратты. Француз хирургі Мондевиль жараны тігудің негізін қалады.

Анатомиялық кезең

Парацельс көптеген соғыстарға қатысып, жараны емдеудің әдіс тәсілдерін ашты. Ол бұл үшін көптеген тігетін заттар мен арнайы химиялық заттарды қолданды. Ол науқастың жалпы жағдайын көтеру үшін емдік сусындарды ұсынды.

Уильям Гарвей ашқан қанайналым жүйесі болды. Ол жүректің организмдегі қанайналымды реттеп отыратын орталық орган екенін айтты. Ол өзінің “*Exertitatio anatomica de motu cordis et sanuinis in animaiibus*” атты классикалық еңбегінде алғаш рет үлкен және кіші қанайналым шеңберін жазды. Ауаның айналымы өкпедегі қантамырларымен реттелетінін дәлелдеді.

Паре әскери хирургиямен шұғылданды. 1552 жылы ол жарада қансырап тұрған тамырға аспапты салуды ұсынды. Ол аспап қазіргі кезде қанды тоқтатуға қолданылып жүрген қысқыштардың барлық түрлерінің бастапқысы болды. Паре көптеген бақылаулардың нәтижесінде сол кезде айтылып жүрген қандай да болмасын оқ жарасы уланған болып табылады деген ұғымды жоққа шығарды және осыған байланысты жараға қайнап тұрған майды құю қажеттілігінен бас тарту керек екендігін ұсынды. 1575 жылы Паре ең алғаш протезді ойлап тапқан, ол әрі акушер бола отырып, ұрықтың бір жағынан екінші жағына айналдыру әдістерін ұсынған. Ол әдіс қазіргі кезде де гинекология саласында қолданылады.

Ұлы жаңалықтар кезеңі

Бұл кезеңде үш негізгі фундаментальды жетістіктер ашылды

практикада
асептика
мен
антисептикан
ың
ашылуы

Жансызданды
р-
ғыштардың
ашылуы

Қан
топтарының
ашылуы және
қан құюдың
мүмкіндіктері

Антисептика мен асептиканың ашылуы



XIX ғасырда хирургтар инфекцияға қарсы тұра алмады. Мысалы, Пироговтың 400 солдатының арасында 10 солдаты қан құйғаннан кейін сепсистен қайтыс болды, сол сияқты 1850 жылы Парижде 560 операция жасалған науқастың 300 қайтыс болған. Осылайша ғасыр соңына дейін жалғасқан инфекциямен күрес өз нәтижесін тауып асептика мен антисептика шаралары пайда болды. Асептика мен антисептиканың бес этапын бөлді:

- Эмперикалық кезең
- Листергедейнгі антисептика
- Листер антисептикасы
- Асептиканың пайда болуы
- Жаңа заманғы асептика мен антисептика

Микробиологиядағы жетістіктер хирургиялық инфекциялармен күресудің профилактикалық принципін ұсынды. Ең маңыздысы хирург қолындағы және жарақатқа түскен, жанасу арқылы жұққан инфекцияларға қарсы асептикалық шаралар болды. Бұл салада көп еңбек еткен К.Шиммельбуш пен Э.Бергман болды.

Жансыздандырғыштардың ашылуы

- 1884 жылы дантисит Г.Уэллс тісті жұлу кезінде жансыздандырғыш зат ретінде азот тотығын пайдаланады. Жансыздандыру кезінде науқас аман қалады. 1846 жылы американ химигі Джексон мен тіс дәрігері Мортон эфир буы арқылы жансыздандырады. Бұл кезде науқас есі мен ауру сезімі жойылады. 1846 жылы 16 қазанда Бостон ауруханасында жиырма жастағы науқасқа Гарвард университетінің профессоры Джон Уоррен наркоз көмегімен жақ маңындағы ісікті алып тастайды. Науқасқа наркозды Уильям Мортон жасайды. Наркоз ретінде эфирді қолданады. Бұл күн медицина тарихында анестезияның ашылу күні болып есептеледі.
- Ресейде 1847 жылы 7 ақпанда Москва университетінде Ф.И.Иноземцев эфир буын қолданып наркоз жасады. Сонымен қоса А.М.Филомафитский мен Н.И.Пирогов анестезиологияда үлес қосты. Пирогов наркозды ауру маңына енгізудің әртүрлі тәсілдерін енгізді. Олар: трахеяға, қанға, асқазан ішек жолдары арқылы.



Қан құю тарихы мен қан топтары туралы жаңалықтардың ашылуы



Жалпы қан құюдың
тарихының үш кезеңі
бар:

- Эмперикалық кезең
- Анатомио физиологиялық кезең
- Ғылыми кезең



Эмперикалық кезең қан кұюда ең ұзақ алайда қан ауыстыру туралы еш ақпаратсыз кезең болды. Алғаш рет қан кұюда Гарвей ашқан қанайналым жүйесінің мәні зор болды. 1666 ж ағылшын анатом, физиологы Лоуэр күміс түтікшенің көмегімен бір иттен екіншісіне қанды жақсы нәтижемен кұйып шықты. 1819 ж Блендель бір адамнан екіншісіне қан ауыстырып кұйды.

Ғылыми кезеңде 1902ж Ландштейнер қанның үш тобын анықтады (А,В,С). 1907ж Чех ғалымы Янский қанның төрт тобының бар екенін айтты.



Физиологиялық кезең

Бұл кезеңде атақты неміс дәрігерлері Б.Лангбенг, Ф. Тренделенбург өмір сүрді. Сонымен қоса француз хирургі Р.Лериш аорта мен артерияның аурулары кезінде қолданылатын операцияларды бөлді. Жалпы физиологиялық кезеңде хирургтар наркоздың летальды асқынуларынан қорғана отырып сабырлы және сенімді түрде операцияларды жасай білді.



Р.Лериш

Жаңа заман хирургиясы

Трансплантология - үлкен индустрия. Мүшелерді алмастырып салу үшін донорлық сұрақтарды шешу керек. Олар: мүшелердің консервациясы, иммунологиялық және иммуно-супрессиялық сәйкестілікті анықтау. Маңызды рольді анестезиология, реаниматология, транзфузиология алады.

Кардиохирургия-қазіргі кезде жүректің жұмысын уақытша тоқтатуға содан соң ішкі кеңістігіндегі дефектілерді қалыпқа келтіріп, қайта жұмысқа қосуға болады. Қазіргі кезде мұндай операциялар көп мөлшерде қолданылады. Жүрек уақытша тоқтап тұрған кезде қанайналымның жасанды түрде функциясын атқаратын аппараттар бар. Ол үшін арнайы инструменттер, сапалы маниторлар, яғни жүректің және организмнің жұмысын бақылау үшін, ұзақ уақытты өкпені жасанды желдеткіш аппараттар т.б қолданылады.

Хирургия саласына үлес қосқан отандық дәрігерлер



Мұхтар Алиев

А.Н. Сызганов атындағы FХО -та бауырдың ауруларында, сарғаюмен асқынған өт-тас ауруларында, холецистэктомиядан кейінгі синдромдарда өт жолдары мен ұйқы безінің реконструктивті операцияларында бұрынғы хирургиялық емдеу тәсілдері жетілдірілуде. Лазердің көмегімен бауырдың эхинококкозы кезіндегі қалатын қуысты жою әдісін жетілдіруде. Тұңғыш рет республикада плазмалық, скальпель, криогенді тәсіл мен лазерлік әдісті қосып пайдалану қолданылуда. Ультрадыбыстың бақылауымен пункциялық, дренирлеу әдісі, бауырдың құрт емес қапшықтарын емдеуде қолданылып жүр, бауырдың атипиялық және секторальді резекциялары жасалынады. Лапароскопиялық тәсілмен жарықты тілу, аппендэктомия, айыршық безінің, аналық бездердің, бүйрек үстіндегі без бен өкпенің қапшықтарын алып тастау қолданылады.

Қазақстан медицинасының дамуына және біріншілік медико-санитарлық көмек керсетуде Бүкілодақтық Денсаулық сақтау ұйымының Ұлы Алматылық декларациясының жүзеге асуына үлкен үлесін қосқан - медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик **Төрегелді Шарманұлы Шарманов** болып табылады. Ол 1971 - 1972 жылдары ҚР денсаулық сақтау министрі қызметін атқарды. Т.Ш. Шарманов 1973 жылы КСРО Медицина Ғылым Академиясының тағамтану институтының Қазақстандағы филиалын ашып, кейіннен ол Қазақ тағамтану институтына айналды, биохимия, иммунология, тамақтану, сондай-ақ диетопрофилактика және диетотерапия бойынша Орталық Азия республикалары мен Қазақстанда үлкен ауқымды мәселелерді қамтып, хирургиялық ауруларды емдеуде үлесін қосты. Оның басқаруымен 36 докторлық, 170 кандидаттық диссертация қорғалды, 350-ден астам жұмыстардың авторы болды.

Төрегелді Шарманов



Антисептика



Антисептика – (anti-қарсы; septicus-іру, шіру) химиялық, биологиялық, механикалық, физикалық жолмен жараға түскен инфекцияны жойып, оны залалсыздандыруды айтады. Антисептикалық препараттар, антисептиктер, химиялық заттар микробқа қарсы әсер көрсетеді.

Түр-
лері

Ме-
ха-
ни-
ка
лық

Физика-
лық

Биоло-
гиялық

Про-
теоли-
икалық
фермент-
терді
қолдану


Химия
лық

Иммуни-
зация
Туды-
рушы
Препар-
аттар

Аралас

Николай Иванович Пирогов (1810-1881)

- Пирогов алғаш рет әлемде масканы түрде эфирлі наркозды қолданды. Бұл эксперимент Пироговты таңқалдырды. Алғаш рет операция еш қозусыз және қимыл қозғалыссыз, еш айқайсыз өтті. Сонымен қоса Пирогов гигиеналық шараларды қатаң ұстанып халық арасында гигиена шараларын түсіндірді.
- Пирогов тек қана хирург қана емес ол сонымен қоса күшті диагност болды. Пирогов соғыс жылдары наркозды қолданып, сүйек сынулар кезінде гипсті таңғыштарды пайдаланды. Оған тиесілі болған травматикалық шоктың классикалық түрі болды. Орыс- түрік соғысы кезінде ол Н.А. Вельяминовпен бірге жараларды емдеу үшін антисептикалық заттарды қолданды. Ол сүйек пластикалық операцияларды жүргізді, табанның остеопластикалық ампутациясын ұсынды, бұл әйгілі операция қазіргі кезде де қолданылуда. Жаңа тәсілдермен мәйіттерді мұздатып қатыру әдісін қолдана отырып, ол мәйіттерді әртүрлі жазықтықта тіліп, осы арқылы адам тәнінің топографиялық анатомиясын зерттеді.
- Пирогов дезинфекция жасау үшін спиртті ерітінді, ляпис, йодты тұнбаны қолданды.





Джозеф Листер

Joseph Lister

1865 жылы ол карбол қышқылының антисептикалық қасиеті барына көзі жетіп, ашық сынық кезінде арнайы ерітіндімен таңғышты қолданды да операция ауасында карбол қышқылын септі.

Листер бойынша антисептикалық шаралар:

- **Карбол қышқылын операция ауасына себу;**
- **Инструменттерді, тігіс және таңғыш материалдарды өңдеу, хирург қолын 2-3% карбол қышқылымен өңдеу;**
- **Операция алаңын карбол қышқылымен өңдеу;**
- **Арнайы таңғыштарды қолдану: операциядан кейінгі жараны көп қабатты таңғышпен жабу, ол қабаттар карбол қышқылымен қаныққан болуы керек;**

Луи Пастер

1885ж бұл аурумен алдын ала қорғаныш беретін егу өзіне салынады. Пастер алғаш рет пастеризация әдісін қолданды. Яғни пастеризация дегеніміз $60-70^{\circ}\text{C}$ 15-20мин тағамдық өнімдерді бір реттік қайнату. Бұл кезде спора түзбейтін бактериялар жойылады да, бірақ толық залалсыздандыру болмайды, ал спора түзетін бактериялар тірі қалады. Бұл әдісті жоғарғы температураны көтере алмайтын тағамдық өнімдерді алдын- ала бүлінуден сақтандыру үшін қолданады. Өндірістік масштабта пастеризация әдісін сүт, вино, пиво өнімдерін сақтандыру үшін жасайды, одан кейін төменгі температураға қою споралардың өсуінің алдын алады.





Қолданылған әдебиеттер:

- «Жалпы хирургия» 2006ж. Қ.Д.Дұрманов 26-28 беттер аралығы
- «Общая хирургия»1993ж. В.К.Гостищев 15-18 беттер аралығы
- «Общая хирургия»2005ж. С.В.Петров 45-62 беттер аралығы
- www.google.ru
- www.yandex.ru
- www.mail.ru



Назарларыңызға рахмет !